

Аудандар және қалалар бойынша субсидиялар көлемдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 12 маусымдағы № 169 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 маусымда № 3219 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 10 қарашадағы № 289 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 10.11.2016 № 289 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандар және қалалар бойынша:

Оңтүстік Қазақстан облысы басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға арналған субсидиялар көлемі осы қаулының 1-қосымшасына;

ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар көлемі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулының Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.Қ.Тұяқбаевқа жүктелсін.

Облыс әкімі

А.Мырзахметов

Б. Оспанов

Б.Жылқышиев

Е.Айтаханов

С.Қаныбеков

Е.Садыр

С.Тұяқбаев

А.Абдуллаев

Р.Исаева

Оңтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің 2015 жылғы "12" маусым
№ 169 қаулысына 1-қосымша

Оңтүстік Қазақстан облысы басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға арналған субсидиялар көлемі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 28.12.2015 № 435 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

к/с	Қала, аудандар атауы	Межеленген егістік ауданы, мың гектар	Субсидия көлемі, мың теңге
1	Арыс	6,75	124 814,8
2	Бәйдібек	21,24	141 786,4
3	Қазығұрт	33,69	262 933,0
4	Мақтарал	117,26	2 217 769,4
5	Ордабасы	22,74	314 364,6
6	Отырар	10,7	213 864,5
7	Сайрам	25,52	220 063,1
8	Сарыағаш	26,1	383 035,7
9	Созақ	4,34	45 084,2
10	Төлеби	24,33	173 559,6
11	Түлкібас	31,44	244 773,7
12	Шардара	45,82	792 666,6
13	Түркістан	29,35	581 103,0

14	Шымкент	5,33	42 423,6
15	Кентау	0,94	16 278,9
	Барлығы:	405,6	5 774 521,0

Оңтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің 2015 жылғы "12" маусым
№ 169 қаулысына 2-қосымша

Ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар көлемі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 28.12.2015 № 435 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

к/с	Қала, аудандар атауы	Межеленген егістік ауданы, гектар	Субсидия көлемі, мың теңге
1	Арыс	3,5	5 250,0
2	Бәйдібек	0,5	750,0
3	Қазығұрт	48,71	75 863,8
4	Мақтарал	43,02	64 532,6
5	Ордабасы	48,22	102 334,4
6	Отырар	2,13	3 195,0
7	Сайрам	13,53	27 628,5
8	Сарыағаш	1 137,34	1 706 014,8
9	Созақ	0,0	0,0
10	Төлеби	11,53	25 146,7
11	Түлкібас	1,38	2 074,3
12	Шардара	2,55	3 827,1
13	Түркістан	26,58	59 928,6
14	Шымкент	235,63	430 819,2
15	Кентау	5,09	7 635,0
	Барлығы:	1 579,7	2 515 000,0